

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ



30
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY



БГПУ
им. М. Ақмуллы



РУДН

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ
ТӘСІЛДЕМЕ: ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ФОРУМ

«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
КАДРОВ: НАУКА И ПРАКТИКА»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND
PRACTICE»

МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

26 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

**«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕМЕ:
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ФОРУМ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26 ақпан, 2026 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОГО
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОГО ФОРУМА
«СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ:
НАУКА И ПРАКТИКА»
26 февраля, 2026 года**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL FORUM
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL FORUM
«MODERN APPROACHES TO TEACHER TRAINING: SCIENCE AND PRACTICE»
february 26, 2026**

Астана, 26 ақпан 2026 ж.

УДК 37.0
ББК 74.00
П23

Жалпы редакциясын басқарған: Сомжүрек Б.Ж.

Редакция алқасы: Асылбекова М.П., Атемова К.Т., Байсарина С.С., Сламбекова Т.С.,
Махадиева А.К.

П23 Педагогикалық кадрларды даярлаудағы заманауи тәсілдеме: ғылым және практика: халықаралық ғылыми-тәжірибелік форум материалдары. 26 ақпан 2026 ж./ – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 1668 бет.

ISBN 978-601-385-193-8

Халықаралық ғылыми-практикалық форум материалдарының жинағында педагог кадрларды даярлаудың заманауи ғылыми-әдіснамалық негіздерін талдау, педагогикалық білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен тиімді практикаларды айқындау, халықаралық ғылыми тәжірибе алмасуды дамытуға арналған өзекті ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері енгізілген. Материалдарда педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері, педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері туралы мәселелері қарастырылған. Жинақ білім саласындағы мамандарға, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

В сборник материалов международного научно-практического форума включены результаты актуальных научно-практических исследований, направленных на анализ современных научно-методологических основ подготовки педагогических кадров, выявление инновационных подходов и эффективных практик в сфере педагогического образования, а также развитие международного научного обмена опытом. В материалах рассматриваются вопросы глобальных тенденций в педагогическом образовании и науке, использования искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом образовании, международного опыта и инновационных методов подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию. Сборник предназначен для специалистов в области образования, ученых, преподавателей и обучающихся.

The proceedings of the International Scientific and Practical Forum include the results of relevant scientific and practical research aimed at analyzing the modern scientific and methodological foundations of teacher training, identifying innovative approaches and effective practices in the field of teacher education, as well as promoting international scientific exchange of experience. The materials address issues related to global trends in pedagogical education and science, the use of artificial intelligence and digital technologies in teacher education, as well as international experience and innovative methods of preparing teaching staff for inclusive education. The collection is intended for education professionals, researchers, teachers, and students.

УДК 37.0
ББК 74.00

ISBN 978-601-385-193-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2026

Бұл жинаққа енгізілген материалдарға авторлар жауапты.
Authors are responsible for the content of their materials.

86	Amirbay Zh. K. Theoretical aspects of research on artificial intelligence and digital technologies in teacher education	365
87	Гапу Ә.Н. Английский язык как образовательный ресурс в условиях глобальных изменений	371
88	Жаканова Н.М. Білім беру мекемелерін басқарудың педагогикалық және ұйымдастырушылық ерекшеліктері	374
89	Муратова Г.А., Исеноманова А.Е., Кажиева М.Ф. Глобальные тренды педагогического образования и науки	377
90	Тұрлыбай Д.Н. Педагогикалық білім мен ғылымның жаһандық трендтері: бастауыш сынып оқыту саласы	380
91	Укиева М.И. Биология сабақтарында зерттеу жұмыстары арқылы функционалдық сауаттылықты арттыру	385
92	Гитихмаева Л.М. Развитие компетенций специалистов помогающих профессий в рамках дисциплины «Практикум по soft skills»	390
93	Жорабек А. Химия сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда PISA тапсырмаларының рөлі	394
94	Асылханқызы М. Сыни ойлауды қалыптастыруда кластер тәсілінің рөлі	399
95	Арқабай І.М., Ильясова Г.У. Химияны оқытуда STEM технологиясын пайдалану әдістемесінің тиімділігі	403
2-секция: Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллект және цифрлық технологиялар		
2-секция: Искусственный интеллект и цифровые технологии в педагогическом образовании		
2-section: Artificial intelligence and digital technologies in pedagogical education		
96	Ying W. Theoretical construction and cultivation paths of physical education teachers' digital literacy from the perspective of embodied cognition	408
97	Khodjiyeva F.O., Mutova M. U. Artificial intelligence and critical thinking in conducting and receiving instruction	412
98	Karakhanova L. M. Increasing parental responsibility in protecting students from internet threats in a globalizing society is a requirement of the time	415
99	Ибрагимова Э. И., Сабиралиева З. М. Интеграция искусственного интеллекта в педагогическое образование: возможности и риски	419
100	Исаева З. Т. Отражение цифровых технологий и социальных медиа в педагогических сегментах	422
101	Верниенко Л.В. Инструменты методического сопровождения профессиональной деятельности педагога в цифровой образовательной среде	427

102	Элқожаева Н.С., Сулейменова Р., Элқожаева А. Маман даярлаудағы цифрлық технологиялардың маңызы	430
103	Зикирова Г.А. Актуализация профессиональных навыков учителя-математика в эпоху цифровых технологий	436
104	Иксатова Б.К., Амирова А.А., Жанадилова К.Б. Подготовка будущих педагогов начального образования развитию цифровых навыков учащихся	441
105	Ибраева Р.Ж., Ахметчина Т.А., Бекмухамбетова Л.С. Дене шынықтыру және спорт саласында жасанды интеллект технологиясын пайдалану	446
106	Курбанов Г.А. Ценностный подход к профессиональному развитию современного преподавателя высших военных образовательных учреждений на основе акмеологических механизмов	451
107	Муканова С.Д. Искусственный интеллект как методический инструмент в системе профессиональной подготовки и развития преподавателя университета	454
108	Султанова Н.К., Құндақова А.Б., Оралбекова Б.С. Цифрлық білім беру ресурстары және learningapps, wordwall, kahoot платформаларының сипаттамасы	458
109	Султанова Н. К. Жасанды интеллект және музыкалық терапия арқылы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың инклюзивтік құзыреттілігін дамыту	462
110	Серманыз А.К. Білім беру жүйесіндегі геймификация	467
111	Байсарина С.С., Задаев О.Т. Цифрлық білім беру ортасында болашақ әлеуметтік педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру	472
112	Бельгибаева Г.К., Сәбитбек А.М., Тусупбекова А.К. Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектісін ойын технологиялары арқылы дамыту	477
113	Ботабаева А.Е., Ақынова Г.О., Секебаева С.К. Кәсіби бағдар берудегі инновациялар: жасанды интеллекттің ықпалы	480
114	Абдуллаева М.С., Азизова А.О. Искусственный интеллект в преподавании русского языка в вузе: новые возможности формирования профессиональных и коммуникативных компетенций студентов	483
115	Абсатова М.Б.; Қайратқызы Ж., Баймурзаева А.Б. Тілдік пәндерді оқыту мен бағалауда жасанды интеллектіні қолдану	487
116	Есенғұлова М.Н., Елемесова А.Р. Мектепке дейінгі білім беру үдерісінде инновациялық технологиялар арқылы балалардың тілдік дағдыларын қалыптастыру	492
117	Баратбекқызы Ш. Alpha generation оқушыларының эмоционалды интеллектін дамытудағы геймификациялаудың педагогикалық әлеуеті	495
118	Жумадулаева А.И., Самихова М.Р. Бердимуратова Д.У. Виртуалды зертханалар: химия пәнінің практикалық сабақтарына жаңа көзқарас	498
119	Искакова П.К., Нуртаева З.	503

	Педагог-психолог қызметінде жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктері	
120	Карменова Н.Н., Альжанова Ж.Р., Әлімжанқызы С. Жасанды интеллект арқылы оқушылардың экологиялық дағдыларын дамыту	508
121	Султанова К.А., Бердышева Г.Б. Білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырудағы инновациялық технологиялар	511
122	Садвакасова А.К., Ибрагимова А.Ж. Виртуалды орталарды талдау: STEM жобаларын жасауға арналған заманауи платформалар	516
123	Турикпенова С.Ж., Умарова Ф.М. Интерьерлік дизайндағы жобалау үдерісіне арналған нейрожелілерді оқыту негіздері	519
124	Фархутдинова Л.В., Божко Е.Ю. Готовность классных руководителей инклюзивных классов общеобразовательных школ к использованию искусственного интеллекта в работе с детьми с ограниченными возможностями здоровья	523
125	Саудақ З.М. Мектепке дейінгі білім беруде жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері	528
126	Дыгова О. А. Применение технологий искусственного интеллекта в сфере психологического консультирования: разработка этичного интеллектуального чат-бота на основе российских исследований и языковых моделей	532
127	Ayturееva Z.Zh., Ainabek S.B., Ashirbekova T.B. Development of educational practices based on digital technologies	536
128	Berikkyzy K., Orazkhan N.O. Modern approaches to the training of future english language teachers in the context of digitalised pedagogical education»	541
129	Айтжанова Р.М., Маныбекова Ж. Е. Болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда жасанды интеллекттің рөлі	548
130	Әлшері А.Ә., Абсатова А.Б. Педагогикалық білім беруде цифрлық трансформацияның артықшылықтары мен тәуекелдері	552
131	Тунгучбекова С.М. Педагогикалық білім беруде жасанды интеллект негізінде жекелендірілген оқыту	559
132	Умаров Ж.Ж. Методологические аспекты применения генеративного ИИ в проектной деятельности учащихся: от цифрового потребления к креативному созиданию	561
133	Баялы А.Т., Давлетова В.М. Ақпараттық жүйелерде жасанды интеллект әдістерін қолданудың теориясы мен практикасы	565
134	Болысбаев Б.Ж., Темиров Г. К. Цифрлық білім беру ресурсы ретінде интерактивті жұмыс парақтарын құруға арналған веб-сервистерге талдау	568

135	Баймахан С.Н. жоғары білім беру жағдайында жасанды интеллектті қолдану ерекшеліктері	573
136	Жаналина Л.Е. Развитие критического мышления на уроках русского языка и литературы через цифровые ресурсы в условиях технических ограничений	577
137	Ионова В.В. Трансформационный образ как форма диалога: искусственный интеллект и личностное развитие студентов в творческом проектировании	579
138	Ильясов Б.К. Современные подходы к подготовке специалистов в области авиации: гармония науки и практики	584
139	Казанбаева К.С., Егембердиева А.Б. Цифрлық білім беру ортасында геймификация технологияларын қолданудың тиімділігі	587
140	Курбанов Г.А. Ценностный подход к профессиональному развитию современного преподавателя высших военных образовательных учреждений на основе акмеологических механизмов	591
141	Каргасекова К.Р. Жасанды интеллект технологияларын қолдануда терең оқытуға негізделген әдістемелік тәсіл	594
142	Ломаносов В.С. Искусственный интеллект как инструмент коллаборативных исследований в педагогическом образовании	601
143	Матаева А.С. Искусственный интеллект и цифровые технологии в специальной школе-интернате: пути эффективного применения	606
144	Муминов Р.Р. Особенности профессиональной подготовки учителя русского языка для работы в госпитальной школе	608
145	Мамішева Ж. Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында болашақ педагог-психологтардың медиа сауаттылығын жетілдіру	613
146	Назаркина О.Н., Соловьева Н.А., Трубицкая Л.А. Роль цифровых технологий в педагогическом образовании и их влияние на физическую культуру в процессе обучения	616
147	Нуруллаев И.З. Госпитальная школа как пространство профессионального становления педагога: Арт-терапевтический подход	620
148	Тлеубергенова Г.Т. STEM ғылымы мен зерттеушілік дағдыларды дамыту: 3D-сканерді қолданудың тиімді жолдары	623
149	Туракулов А.П., Расулходжаева К., Алибаева Б. Роль геймификации в современной педагогике	628
150	Умарова М.Х. Проектирование коллаборативной образовательной среды на основе искусственного интеллекта для развития метакогнитивных стратегий в начальном образовании	631
151	Умурзакова А.Ж., Багит Д.М.	

	Лингвостилистический анализ художественных текстов с использованием ИИ	636
152	Ізбасар А.Ж., Қайтпек І., Палуан А. Современные тенденции использования цифровых ресурсов в образовании	640
153	Атем М.Н., Савранбаева А.М. Геймификация арқылы жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру	645
154	Давлетова В.М., Туреханова С. Жасанды интеллект жүйелерінің теориялық негіздері мен қолданбалы аспектілері	649
155	Ахмаджанова Д.С. Жасанды интеллект оқушыларға білім берудегі тиімділігі	653
156	Бахытжан А.Б. Потенциал искусственного интеллекта в психолого-педагогической поддержке стрессоустойчивости будущих педагогов	657
157	Бердібек А.М., Кудайбергенова А.М. Цифрлық технологиялар мен case study әдісін интеграциялау арқылы болашақ педагог-психологтарды кәсіби даярлау	660
158	Демеуханова А.Т. Жасөспірімдердегі цифрлық тәуелділіктің психологиялық ерекшеліктері және оны білім беру ортасында алдын алу жолдары	664
159	Джумадельдинова А.А., Алшынбаева Ж.Е. Жасанды интеллект құралдарын қолданудың болашақ педагогтердің кәсіби құзыреттіліктеріне әсері	669
160	Жангалиева Р.Е., Жукенова Г.Б. Социально-педагогические проблемы формирования медиаграмотности родителей, воспитывающих детей с цифровым аутизмом	671
161	Жұмағұл Д.Ә., Айберген А.І. Жасанды интеллект - оқытуды дербестендіру құралы ретінде	675
162	Кудайбергенова З.М., Мукашева Д.М. Жаратылыстану пәндерін оқытуда жасанды интеллект технологияларын қолданудың тиімділігі	679
163	Құлмағанбет Ә.Қ. Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы steam технологияларының мүмкіндіктері	682
164	Мұхтар З.Ғ., Бахишева С.М., Беркимбаев К.М., Гриншкун В.В. Болашақ педагогтерді жасанды интеллектіні этикалық қолдануға оқытудың мазмұны	686
165	Мусина А.А. Болашақ педагог-психологтердің тьюторлық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары	693
166	Муканова Т.Т., Альжанов А.К. AR-маскалар білім алушылардың цифрлық дағдыларын дамыту құралы ретінде	696
167	Нурханова Г.Б. Интегративті Арт-терапияда цифрлық технологияларды қолдану ерекшеліктері	700

168	Нұрсұлтанқызы А. Педагогикалық білім беруде цифрлық трансформация және жасанды интеллекттің рөлі	704
169	Нургазина А.С. Географияны оқытуда жасанды интеллект пен иммерсивті технологияларды XR (AR/VR/MR) қолдану мүмкіндіктері мен қиындықтары	707
170	Патахов А.С. Цифровые образовательные ресурсы в профессиональной подготовке будущих педагогов ведомственных вузов	712
171	Түгелбай А.Н., Орынғалиева Ш.О. Болашақ педагогтердің рефлексивті құзыреттілігін дамытудың педагогикалық шарттары: теория және тәжірибе	716
172	Убишева А.С. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің цифрлық құзыреттілігіне жасанды интеллект құралдарының әсері	720
173	Шаймарданов Е.Д. Использование технологий искусственного интеллекта при изучении условий равновесия сил на рычаге и блоке в школьном курсе физики	724
174	Kineyeva D.A. Enhancing EFL communicative competence through modern game-based technologies	729
175	Aubakir Zh.O. AI-driven assessment and feedback in teacher education	733
176	Kulymbayeva N.K. Gamification as a digital pedagogical strategy in EFL Higher education	736
177	Nurat N.K., Aitzhanova R.M. Designing AI-based adaptive content for enriching the vocabulary of preschool children	739
178	Slamgali Zh.A Using critical thinking development technologies in english lessons	746
179	Аблятова Н.Ә., Махамбетова Ж.Т. Жасанды интеллект технологиялары жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін дамытудың заманауи құралы ретінде	750
180	Аманова Ә.Н., Ильясова Г.У. Химия пәнін оқытуда жасанды интеллектті қолданудың тиімділігі	754
181	Есенбек М. Химия сабақтарында жасанды интеллект технологияларын қолданудың дидактикалық мүмкіндіктері	759
182	Емутбаев Ф.Б., Даутбаев Е.Ш., Ергалиев Д.С., Бейсенбаева А. К. Цифровизация и международные стандарты (ИКАО, EASA) в подготовке педагогических кадров для авиационной отрасли	763
183	Жаксимов С.У. Искусственный интеллект и цифровые технологии в профилактике буллинга	767
184	Зархумар А., Ахтанова С. К. Коммуникативтік дағдыларды дамытудағы цифрлық және гибридік оқыту технологиялары	769
185	Искакова М.М. Мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі: ЖИ және заманауи білім беру талаптары	773

186	Карбаева А.Ж. Медиообразование как фактор формирования патриотического сознания студентов	777
187	Кабулова Н.М. Мектеп курсында анализ бастамаларын деңгейлеп оқытудың әдіснамалық моделі мен цифрлық технологияларды интеграциялау	781
188	Кушумова Э.Н. «Электр және магнетизм» бөлімінде физиканы оқытудағы заманауи білім беру технологияларының маңызы	786
189	Құлмағамбетова Ә.А. Физиканы оқытуда сыни ойлау дағдыларын дамыту мәселесі	791
190	Мамутова Айгерім Бердібекқызы Оқытуда геймификация қолдану арқылы студенттердің есте сақтау процесін арттыру	797
191	Рахманова В.П., Абибулаева А.Б. Искусственный интеллект как инструмент персонализации при повышении квалификации педагогов	805
192	Салимгиреев М.Ж. Система консультационной поддержки в подготовке педагогических кадров: применение технологий искусственного интеллекта	809
193	Салимгиреев М.Ж. Создание системы онлайн-консультаций с использованием искусственного интеллекта в педагогическом образовании	813
194	Солтанбаева Б.Ф., Мамутова А.Б. Жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың болашақ әлеуметтік педагогтардың цифрлық коммуникативтік құзыреттілігін дамытудағы рөлі	815
195	Сейтманова Г.Т., Шавалиева З.Ш., Жумажанова К.И. Ағылшын тілін оқыту үдерісінде жасанды интеллект құралдарын қолданудың педагогикалық аспектілері	819
196	Сағынбаева А.Қ. Орта мектепте физиканы оқыту үдерісінде геймификацияны қолданудың тиімділігі: эксперименттік зерттеу	825
197	Тулугалиева Г.Т., Темиров К.У. К вопросу педагогических и этических аспектов применения искусственного интеллекта в обучении будущего педагога-психолога в ВУЗе	830
198	Талап А. Онлайн платформалар арқылы болашақ әлеуметтік педагогтердің кәсіби дағдыларын дамыту	832
199	Умытканова Н.У. Мектеп информатика пәнінде жасанды интеллектті оқыту үдерісінде білім беру сапасына Web-технологиялар арқылы мониторинг жүргізу	836
200	Фейзулдаева С.А., Халбаева Р.У. Цифрлық білім беру жағдайында бастауыш сынып білім алушыларының метадағдыларын дамыту мәселесі	841
201	Хачетлов К.А., Хачетлова С.М. Современные тренды в патриотическом воспитании через технологии ИИ	845

202	Шайхуллаева А.Қ. Мектеп биологиясын оқытуда макрозообентос организмдерін зерттеу негізінде инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану	848
203	Шалдарбек А.Б., Тилекова А.Ж. Мектеп жасына дейінгі фонетика-фонематикалық дамымаушылығы бар балалардың тілдік дағдыларын жетілдіру мәселелері	854
204	Брымбаева Н.А. Студенттердің ақпараттық құзыреттілігін дамытудағы электронды кітапханалардың мүмкіндіктері	857
205	Barat M.D. The role of artificial intelligence and digital technologies in pedagogical education	862
206	Абдукаримова О.А. Жаңа ақпараттық технология құралдарын тиімді қолдану	866
207	Абдисадыкова Ж.А. Инновациялық технология негізінде білімгерлердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру	869
208	Бақытхан Б. Цифрлық білім беру ортасында фишинг пен әлеуметтік инженерияны оқыту: геймификация және ЖИ платформаларының салыстырмалы талдауы	872
209	Мәметбек А. Биологияны оқытудың инновациялық әдістері арқылы креативті ойлауды дамыту	879
210	Масалимова Н.Е. Цифрлық білім ресурстарын қолданып оқушылардың коммуникациялық дағдыларын қалыптастыру	881
211	Сулейменова А.М. Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің цифрлық трансформация жағдайындағы кәсіби рөлі	888
212	Серикбаева А. Ж. Искусственный интеллект и цифровые технологии в современном образовании: перспективы и эффективность	891
213	Хлюпина А.И., Землянова А.С., Сочин С.А. Применение технологий искусственного интеллекта в сфере физической культуры и спорта на примере каратэ	895
214	Berik A.M. Blended learning as a way to improve grammar and lexical skills of high school students	898
215	Агеева И.С., Калмыкова Т.С. Формирование ИКТ-компетентности родителей дошкольников как условие создания единой цифровой образовательной среды в партнерстве семьи и детского сада	900
216	Igissinova A.Zh Developing senior students' speaking autonomy through digital technology-mediated learning	903
217	Kemalashova D.T. The use of artificial intelligencedigital inclusivity and value orientationsin pedagogical education in the context of global transformation	907
218	Kural D. Artificial intelligence and digital technologies in pedagogical education	911

219	Zhakupbekova D.S., Utepov A.B. Digital technologies and artificial intelligence in the professional development of physical education teachers	914
220	Закерьяева М.Ю. Искусственный интеллект в современном образовании: возможности, риски и перспективы развития	917
221	Амангелді А.С. Педагогикалық білім берудегі жасанды интеллекттің рөлі мен маңызы	919
222	Аманбай А.Т. Болашақ педагогтарды даярлауда жасанды интеллект технологияларын қолдану	923
223	Orazbek A.A., Amanbayeva M. B The use of artificial intelligence tools for developing data interpretation and visualization skills in the training of future biology teachers	926
224	Кабулова Г.К. Автоматизация административной работы в образовании с помощью ИИ	930
225	Нурыева А.С. Цифрлық тәуелділік және жоғары сынып оқушыларының әлеуметтенуі	933
3-секция: Педагог кадрларды инклюзивті білім беруге дайындаудың халықаралық тәжірибесі және инновациялық әдістері 3-секция: Международный опыт и инновационные методики подготовки педагогических кадров к инклюзивному образованию 3-section: International experience and innovative methods of training teachers for inclusive education		
226	Аханов А.Т., Бірліхан Е. Дене шынықтыру және спорт мамандығында білім алатын студенттерді инклюзивті білім беруге дайындау мәселелері	938
227	Михайленко О.И. Современные проблемы реализации инклюзивного образования и пути их решения в условиях высшего образования	943
228	Умаралиева М.А. Международный опыт и инновационные методики подготовки учителей к развитию инклюзивной культуры	945
229	Едигенова А.Ж. Ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен ересек адамның қарым-қатынасы	949
230	Арипова М.Р. Внедрение ценностно-ориентированных практик в системе непрерывного профессионального развития учителя информационной технологии в школе	953
231	Батаева С.Д. Инклюзивное образование как основное условие гуманизации учебного процесса начальной школы	957
232	Дюсенбаева Б.А., Халикова Б.Т. Қазіргі педагогтерінің инклюзивті құзыреттілігін айқындайтын негізгі ерекшеліктер	962
233	Жанатова Г.А. Внедрение практик в исследованиях в области специального образования	967
234	Момунова А.Н. Роль дистанционного обучения для подростков с инвалидностью в получении профессионального образования	971

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЕРДІҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Байсарина Сандугаш Сайлауовна

ms.2110@bk.ru

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Задаев Олжас Темірбекұлы

olzhaszadayev@gmail.com

«Білім берудегі менеджмент және лидерлік» ББ магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Аннотация. Мақалада цифрлық білім беру ортасы жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрландыру үдерістері, жасанды интеллект құралдарының енгізілуі және білім беруді басқарудың жаңа модельдері әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметіне жаңа талаптар қояды. Зерттеу барысында басқарушылық құзыреттіліктің құрылымы талданып, цифрлық ортада оны қалыптастырудың тиімді жолдары ұсынылады. Нәтижесінде болашақ әлеуметтік педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жүйеленді.

Annotation. The article examines the issues of developing managerial competence of future social pedagogues in the digital educational environment. Modern processes of digitalization in education, the introduction of artificial intelligence tools and new models of educational management create new requirements for the professional activity of social pedagogues. The study analyzes the structure of managerial competence and proposes effective ways of its formation in the digital environment. As a result, scientific recommendations aimed at improving the professional training of future social pedagogues are systematized.

Түйін сөздер: Цифрлық білім беру ортасы, басқарушылық құзыреттілік, цифрлық технологиялар, кәсіби даярлық, білім беруді басқару.

Keywords: Digital educational environment, managerial competence, digital technologies, professional training, educational management.

XXI ғасырдағы білім беру жүйесінің дамуы цифрлық трансформация үдерістерімен тығыз байланысты. Қазіргі кезеңде білім беру ұйымдары тек білім беру функциясын ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін, тұлғаның әлеуметтенуіне ықпал ететін күрделі әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда әлеуметтік педагогтердің кәсіби қызметі білім беру жүйесіндегі маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру процесінің мазмұнын, құрылымын және ұйымдастыру формаларын түбегейлі өзгертуде. Білім беру ұйымдарында цифрлық платформалар, электрондық білім беру ресурстары, онлайн оқыту технологиялары, білім беру аналитикасы, жасанды интеллект элементтері белсенді енгізілуде. Бұл өзгерістер педагог мамандардың кәсіби даярлығына жаңа талаптар қояды және олардың басқарушылық құзыреттілігін дамыту қажеттілігін күшейтеді.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2023 жылдың 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Сапалы білім алу - әрбір білім алушының мызғымас құқығы. Бұл тұстағы ең маңызды ұғым – «сапа». Осы негізде білім сапасын жақсарту ауадай қажет», - деп көрсетілген [1]. Сапалы білім негізі білікті маман, толық негіздегі рухани және материалдық қамтамасыз ету, тұлғаға бағдарланған тұғыр негізінде құрылған даму ортасы, заманауи әдістемелік қамтылу деңгейінің болуы арқылы жүреді. Ол оқу-тәрбие үдерісін басқару жүйесінен бастау алады, оның қатарында білім беру ұйымдарының басшылары, сапалы білім беруші педагог мамандар.

Басқарушылық құзыреттілік - педагог маманның өз кәсіби қызметіне қажетті мақсаттары, ұстанымдары, мазмұны, технологиялық қамтамасыз етілуі үшін өз білім алушыларына қажетті даму ортасын құрудағы тиімді басқару жұмысын ұйымдастыру

мүмкіндігі болса, әлеуметтік педагогтің басқарушылығы - бұл басқару объектілерін (мұғалімдерді, оқушыларды, оқу орнындағы ұжымды) қоса алғанда, басқару жүйесін де, өзін де басқару субъектісі ретінде өзгертуге және жетілдіруге бағытталған қызмет болып табылады.

Гуманитарлық білім жүйесінде әлеуметтік негізде басқару жүйесінің өзіндік ұғымы бар, ол тұлғалар арасында, түрлі әлеуметтік институттар арасындағы өзара әрекеттестік байланысы ретінде көрініс тауып, көптеген шетелдік әлеуметтік сала бойынша ғалымдар еңбектерінде сипатталады, мысалы, В.Н. Агеев, Т.Ю. Базаров, А.П. Журавлев, С.В. Лапин және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелген [2].

Әлеуметтік ортаның даму деңгейлерін жақсарту, ұйымдастыру және нығайтуда болашақ әлеуметтік педагогтерді даярлау үдерісінің мәні зор, тұлғаның әлеуметтік негізде орнын табу, қоғамға пайдасы бар өзіндік орнын иемденуге әсері бар екенін зерттеушілер өз еңбектерінде көрсеткен, мысалы, S.V.Merriam, M.Q.Patton, A.Yıldırım [3].

Басқару ұғымы көптеген сыртқы және ішкі әсерлерді басқаруға бағытталған:

- өзге адамға бағдар;
- бір немесе бірнеше топ адамдарына арналған бағдар;
- өзіндік бағдар.

Болашақ әлеуметтік педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру әдістері төмендегідей:

- Цифрлық құралдарды қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастыру - электрондық сабақтар, интерактивті платформалар (Google Classroom, Moodle, Edmodo) арқылы студенттерді басқарушылық тәжірибеге үйрету;
- Деректерді талдау бағдарламаларын (Excel, SPSS) қолдану арқылы шешім қабылдау дағдыларын дамыту.
- Симуляциялық және рөлдік ойындар арқылы - болашақ әлеуметтік педагогтер нақты педагогикалық және әлеуметтік жағдайларды модельдейді;
- Басқарушылық шешім қабылдау, жоспарлау және ресурстарды бөлу дағдыларын жетілдіреді.
- Онлайн коучинг және пікірталас платформалары арқылы - Zoom, Microsoft Teams немесе Discord арқылы пікірталастар, топтық жобалар ұйымдастыру;
- Коммуникациялық және көшбасшылық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.
- Жеке кәсіби портфолио арқылы - болашақ әлеуметтік педагогтер өз жетістіктерін, жоспарлау және басқару тәжірибесін цифрлық форматта көрсетеді;
- Портфолио арқылы студенттің кәсіби өсу динамикасын бақылау мүмкіндігі беріледі.

Цифрлық білім беру ортасында басқарушылық құзыреттілікті дамыту болашақ әлеуметтік педагогтердің келесі дағдыларын жетілдіреді [6]:

- Кәсіби қолдану қабілеті - теориялық білімді нақты жағдайларда қолдана білу;
- Ақпараттық және аналитикалық ойлау - педагогикалық мәліметтерді талдап, басқарушылық шешімдер қабылдау;
- Командалық жұмыс және көшбасшылық - топтық жобалар мен әлеуметтік бағдарламаларды тиімді басқару;
- Мотивация және өзін-өзі жетілдіру - жеке кәсіби дамуға қызығушылықтың артуы.

Практикалық ұсыныстар арқылы болашақ әлеуметтік педагогтер келесі мүмкіндіктерге ие болады:

- Цифрлық платформаларды оқу процесіне белсенді енгізу - Moodle, Edmodo, Google Classroom;
- Интерактивті тапсырмалар мен кейс-стадилерді пайдалану - студенттердің практикалық шешім қабылдау қабілетін арттыру;
- Онлайн семинарлар мен вебинарлар өткізу - студенттердің кәсіби тәжірибесін кеңейту;
- Жеке және топтық жобалар арқылы тәжірибе жинау - басқарушылық дағдыларды бекіту;
- Портфолио және өзіндік бағалау құралдарын қолдану - кәсіби өсу динамикасын бақылау.

Е.С.Полат бойынша, кез келген елдегі білім беру жүйелері қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі міндеттерін жүзеге асыруға қызмет етуге тиіс, өйткені дәл мектеп пен жоғары оқу орны адамды қоғамның экономикалық, мәдени, саяси өмірінің әр түрлі салаларында белсенді қызмет етуге дайындайды. Сондықтан, білім берудің негізгі буыны ретінде мектептің рөлі аса маңызды. Білім беру мекемесінің қоғам сұраныстарына жеткілікті түрде икемді жауап бере отырып, сонымен бірге жинақталған оң тәжірибені сақтай білу қабілеті өте үлкен мәнге ие [4].

Осы орайда, болашақ әлеуметтік педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі өте маңызды. Нарықтық экономика жағдайында еңбек нарығын ескеріп, болашақ әлеуметтік педагог мамандарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, олардың кәсіби сапалары мен басқарушылық даярлық деңгейін дамыту қажеттілігі бар. Болашақ әлеуметтік педагогті даярлау үдерісіне өзіндік және ұжымдық басқару элементтері кіреді. Бүгінгі болашақ әлеуметтік педагог мамандарды даярлау үдерісінен олардың бойында тұлғаны қажетті деңгейде дамыта алу мүмкіндігі, үнемі өзіндік дамуға ынтасының болуын, дамытушы әлеуметтік ортаны қалыптастыра алу, білім беру үдерісін басқару қабілеттілігінің болуынан көрініс табады. Осы негізде болашақ әлеуметтік педагогтің жоғары деңгейлі имиджін қалыптастыру маман даярлығын жаңғырту үдерісінің бір қыры деп атауға негіз болады [5].

Болашақ әлеуметтік педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру бойынша зерттеу мәселесінің ғылыми зерттеу дәрежесі төмендегідей негізде көрсетілген. Педагогикалық менеджменттің, басқару теориясының әдіснамалық негіздері туралы зерттеулер В.М. Васильев, П.Друкер, А.Файоль, Ф.Тейлор сияқты ғалымдардың еңбектерінде көрініс табады [2].

Болашақ әлеуметтік педагогтерді даярлау кезінде, басқарушылық іс-әрекетті, педагогикалық үдерісті басқару тәсілдемелерінің сипаттамасы Ю.А.Конаржевский, М.М. Поташич, П.И.Третьяков, Т.И.Шамовалардың зерттеулерінде айқындалған.

Педагогикалық үдерістегі кәсіби білім берудің талапқа сай бүгінгі тәсілдемелері туралы теориялық зерттеулер келесі ғалымдардың еңбектерінде көрініс табады: В.И. Байденко, Л.В. Ведерникова, Л.А. Вербицкий, Е.Ф. Зеер, Ю.В. Сенько және т.б.

Педагогикалық үдерістегі тұлғаны қалыптастыру, тұлғаны дамыту, тұлғалық сапаның қалыптастыру ерекшеліктері, педагогикалық іс-әрекеттер субъектісі ретіндегі заманауи тәсілдемелер туралы зерттеу нәтижелерінің тұжырымдамалық негіздерін, педагогикалық үдерісте құзыреттілік тәсілдеменің тиімді қолдану мүмкіндіктері туралы зерттеулер К.Л. Абульханова-Славская, Б.Г.Ананьев, А.А.Бодалев, В.Н.Мясищев, А.В.Петровский, С.Л. Рубинштейн, Д.П. Узнадзе, И.А. Зимняя сияқты ғалымдар зерделеген [2].

Білім берудің түрлі деңгейі мен сатысындағы басқару, басқарушылық құзыреттілік мәселелерін зерттеген қазақстандық ғалымдар [6]:

- болашақ мұғалімдердің педагогикалық үдерісті басқаруға дайындық негіздерін қалыптастыру Н.Н. Рябухананың еңбектерінде;
- педагогикалық менеджмент және мектепті заманауи басқару мүмкіндіктері Т.М. Баймолдаевтың тұжырымдамаларында;
- жалпы білім беретін орта мектептің педагогикалық жүйесінің дамуын басқару теориясы мен тәжірибесі С.К. Исламгулованың еңбектерінде;
- құзыреттілік білім сапасының критерийі: әдіснамалық және ғылыми-теориялық негіздері, К.С. Кудайбергенованың ғылыми еңбектерінде;
- болашақ педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру, Д.К. Садирбекованың еңбектерінде;
- университеттің қызмет ету жағдайында әлеуметтік-педагогикалық бағытта жұмыс атқаратын менеджерлерді даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері, С. Асқарқызының еңбектерінде жан-жақты зерттелген.

Әлеуметтік педагог білім беру ұйымында әлеуметтік-педагогикалық процестерді ұйымдастырушы, үйлестіруші және басқарушы ретінде әрекет етеді. Ол білім алушылардың

әлеуметтік мәселелерін анықтайды, әлеуметтік қолдау жұмыстарын ұйымдастырады, ата-аналармен, педагогтермен және әлеуметтік серіктестермен өзара әрекет жасайды. Сондықтан әлеуметтік педагогтің басқарушылық құзыреттілігі кәсіби қызметтің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады [7].

Қазіргі жағдайда цифрлық білім беру ортасы әлеуметтік педагогтің басқарушылық қызметін жаңа деңгейге көтереді. Деректерге негізделген басқару, білім беру мониторингі, цифрлық коммуникация құралдарын пайдалану, онлайн әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету әлеуметтік педагогтің кәсіби қызметінің ажырамас бөлігіне айналуға бейімделуде. Осыған байланысты болашақ әлеуметтік педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін цифрлық орта жағдайында қалыптастыру мәселесі ерекше өзектілікке ие.

Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық ғылыми әдістер кешені қолданылды. Ғылыми әдебиеттерді талдау әдісі цифрлық білім беру ортасының мазмұнын, құрылымын және педагог кадрларды даярлаудағы рөлін анықтауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы талдау әдісі цифрлық орта жағдайында басқарушылық құзыреттілікті қалыптастырудың отандық және шетелдік тәжірибесін салыстыруға жағдай жасады. Жүйелеу және жалпылау әдістері басқарушылық құзыреттіліктің құрылымдық компоненттерін анықтауға мүмкіндік берді. Педагогикалық модельдеу әдісі болашақ әлеуметтік педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұндық моделін әзірлеуге негіз болды.

Цифрлық білім беру ортасы білім беру процесін ақпараттық технологиялар негізінде ұйымдастыруға мүмкіндік беретін көпфункционалды жүйе болып табылады. Ол білім беру платформаларын, электрондық ресурстарды, білім беру деректерін басқару жүйелерін, цифрлық коммуникация құралдарын және білім беру аналитикасын қамтиды. Цифрлық білім беру ортасы білім беру процесінің икемділігін арттырады, білім алушылардың жеке білім алу траекториясын құруға мүмкіндік береді және білім беру қызметінің сапасын арттыруға ықпал етеді [6].

Цифрлық білім беру ортасы жағдайында әлеуметтік педагогтің қызметі дәстүрлі қызмет шеңберінен кеңейеді. Әлеуметтік педагог тек әлеуметтік қолдау көрсететін маман ғана емес, сонымен қатар білім беру процесін ұйымдастырушы, басқарушы және талдаушы ретінде әрекет етеді. Ол білім алушылардың әлеуметтік жағдайы туралы деректерді талдайды, әлеуметтік тәуекел факторларын анықтайды, профилактикалық жұмыстарды жоспарлайды және әлеуметтік-педагогикалық процесті басқару бойынша шешім қабылдайды.

Басқарушылық құзыреттілік болашақ әлеуметтік педагогтің кәсіби даярлығының маңызды көрсеткіші болып табылады. Бұл құзыреттілік кәсіби мотивацияны, басқарушылық білімдерді, басқару дағдыларын және кәсіби рефлексияны қамтиды. Басқарушылық құзыреттілігі қалыптасқан әлеуметтік педагог әлеуметтік-педагогикалық процесті тиімді жоспарлай алады, басқарушылық шешімдер қабылдай алады, цифрлық құралдарды пайдалана отырып мониторинг жүргізеді және кәсіби қызмет нәтижелерін бағалай алады [8].

Цифрлық білім беру ортасында басқарушылық құзыреттілікті қалыптастыру болашақ әлеуметтік педагогтердің кәсіби даярлығының мазмұнын жаңартуды талап етеді. Оқу процесінде цифрлық білім беру платформаларын пайдалану, білім беру деректерін талдау, цифрлық коммуникация құралдарын қолдану, әлеуметтік-педагогикалық жағдайларды модельдеу болашақ мамандардың басқарушылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект технологиялары әлеуметтік педагогтің басқарушылық қызметін тиімді ұйымдастыруға жаңа мүмкіндіктер береді. Жасанды интеллект білім алушылардың әлеуметтік жағдайын талдауға, әлеуметтік тәуекел топтарын анықтауға, білім беру процесінің нәтижелерін болжауға және басқарушылық шешім қабылдау процесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жасанды интеллект құралдары білім беру ұйымдарында әлеуметтік-педагогикалық жұмысты жоспарлауды автоматтандыруға ықпал етеді.

Цифрлық білім беру ортасы жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруда практикалық бағытталған оқыту ерекше

маңызға ие. Практикалық тапсырмалар, жобалық жұмыстар, кәсіби жағдайларды талдау, цифрлық кейстерді пайдалану болашақ мамандардың кәсіби даярлығын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесінде цифрлық білім беру ортасында болашақ әлеуметтік педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері нақтыланды. Басқарушылық құзыреттіліктің құрылымы мен мазмұны анықталды. Кәсіби даярлықтың тиімді педагогикалық шарттары айқындалды. Болашақ әлеуметтік педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін дамытуға бағытталған ғылыми ұсыныстар жүйеленді. Бұл туралы, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының талдамалық есебінде: «Педагогикалық білім беру сапасын қамтамасыз ету жағдайында жыл сайын жүйелі негізде Білім берудегі бағдарламалар мазмұнының Педагогтің кәсіби стандартының нормаларына сәйкестігіне мониторинг жүргізу қажет. Мониторинг нәтижелері мұғалімдердің білім беру саласындағы саяси шешімдерді қабылдау кезінде ескерілуі тиіс. Мониторинг нәтижелері педагогтерді даярлауды, олардың кәсіпке кіру процесін, одан әрі үздіксіз кәсіби дамуды, аттестаттауды және тәуелсіз сертификаттауды қоса алғанда, педагогтердің үздіксіз білім беру жүйесінің құрылымдық элементтерін түзетуді қамтамасыз етеді», - деп тұжырымдалған [9].

Цифрлық білім беру ортасы әлеуметтік педагогтердің кәсіби қызметінің мазмұнын жаңғыртады және олардың басқарушылық қызметіне жаңа талаптар қояды. Осыған байланысты болашақ әлеуметтік педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру жоғары білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Басқарушылық құзыреттілікті қалыптастыру цифрлық технологияларды оқу процесіне енгізу, практикаға бағытталған оқыту және цифрлық басқару құралдарын қолдану арқылы тиімді жүзеге асырылады. Болашақта цифрлық білім беру ортасында әлеуметтік педагогтердің кәсіби даярлығын жетілдіру бойынша кешенді ғылыми зерттеулер жүргізу қажет.

Цифрлық білім беру ортасы - болашақ әлеуметтік педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ол студенттерге практикалық тәжірибе жинауға, кәсіби дағдыларын жетілдіруге және заманауи білім беру талаптарына сай дайын болуға мүмкіндік береді. Цифрлық технологияларды тиімді қолдану студенттердің аналитикалық ойлауын, коммуникативтік қабілеттерін және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Осы бағыттағы жүйелі педагогикалық жұмыстар әлеуметтік педагогтің кәсіби шеберлігін арттырып, олардың білім беру процесінде тиімді жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 16 қыркүйектегі № 353 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2300000353>

2. Зимняя И. А. Ключевые компетентности как результат образования // Высшее образование сегодня, 2003. - №5. - С. 34-42.

3. Хуторской А. В. Компетентный подход в обучении: научно-методическое пособие. -М.: Эйдос, 2013. -73 с.

4. Полат Е.С. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования. -М.: Академия, 2019. -368 с.

5. Роберт И. В. Теория и методика информатизации образования. -М.: ИИО РАО, 2014. -398 б.

6. OECD. Education in a Digital World: The Future of Learning and Teaching. -Paris: OECD Publishing, 2021. -214 p.

7. Selwyn N. Education and Technology: Key Issues and Debates. -London: Bloomsbury Academic, 2016. -248 p.

8. Redecker C. European Framework for the Digital Competence of Educators: DigCompEdu.

-Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2017. -95 p.

9. Болашақ педагогтерді даярлауға арналған білім беру бағдарламалары мазмұнының Кәсіби стандарт нормаларына сәйкестігі. Талдамалық есеп. -Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023 - 42 б.

ӘОЖ 378.081

**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА
ОТЫРЫП, МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ
ИНТЕЛЛЕКТИСІН ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ**

Бельгибаева Г.К.

Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің қауымдастырылған профессоры, педагогика
ғылымдарының кандидаты

Сәбитбек Айнұр Молдабайқызы

sabitbekain@gmail.com

Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің 7M01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және
тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты.

Тусупбекова А.К. Қарағанды қаласының

«Тілек» бөбекжайы» КМҚК директоры

Андатпа. Мақалада педагогикалық білім беру үдерісінде жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектісін ойын технологиялары негізінде дамыту мәселесі қарастырылады. Эмоционалды интеллекттің теориялық негіздері, цифрлық және AI негізіндегі ойындардың педагогикалық мүмкіндіктері талданады. Зерттеу барысында ойын технологиялары арқылы балалардың эмоцияларды тану, басқару және әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларының дамуы анықталды. Эксперимент нәтижелері цифрлық ойындарды жүйелі қолдану балалардың эмоционалды дамуына оң ықпал ететінін көрсетті.

Аннотация. В статье рассматривается вопрос развития эмоционального интеллекта детей дошкольного возраста на основе игровых технологий с использованием искусственного интеллекта и цифровых технологий в педагогическом процессе. Анализируются теоретические основы эмоционального интеллекта, педагогические возможности цифровых игр и игр на основе ИИ. Исследование выявило развитие у детей навыков распознавания и управления эмоциями, а также социальной коммуникации посредством игровых технологий. Экспериментальные результаты показали, что систематическое использование цифровых игр оказывает положительное влияние на эмоциональное развитие детей.

Abstract. This article examines the development of emotional intelligence in preschool children through game technologies, incorporating artificial intelligence and digital technologies into the educational process. The theoretical foundations of emotional intelligence and the pedagogical potential of digital and AI-based games are analyzed. The study revealed the development of children's skills in recognizing and managing emotions, as well as social communication, through game technologies. Experimental results demonstrated that the systematic use of digital games has a positive impact on children's emotional development.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, цифрлық технологиялар, эмоционалды интеллект, ойын технологиялары, мектепке дейінгі білім беру, геймификация.

Ключевые слова: искусственный интеллект, цифровые технологии, эмоциональный интеллект, игровые технологии, дошкольное образование, геймификация.

Keywords: artificial intelligence, digital technologies, emotional intelligence, game technologies, preschool education, gamification.

Қазіргі жаһандану және цифрландыру жағдайында білім беру жүйесі инновациялық технологияларды енгізуді талап етеді. Жасанды интеллект (Artificial Intelligence) пен цифрлық технологиялар педагогикалық білім берудің мазмұнын жаңартуда, оқыту мен тәрбиелеу әдістерін жетілдіруде маңызды рөл атқарады.